



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ИНДУСТРИАЛДЫ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АМОРТИЗАЦИЯНЫ ЕСЕПТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Исламова Ажар Мұхтарқызы

ajar_09_08_95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Есеп, аудит және талдау кафедрасының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Б.А.Алибекова

Еліміздің өндірісін өркендету, шағын және орта кәсіпкерліктерді дамыту, экономиканың тұрақтылығын қалыптастыруда инвестициялық ынталандыру өте қажетті. Себебі, «Даму» қорының тапсырысы бойынша дайындалған зерттеу нәтижесінен кәсіпкерлердің 40 пайызының өз кәсібін дамытуда оны инновациялық тұрғыда жаңарту, жетілдіру және инновацияны енгізу кезеңіне жетпегені анықталды. Басты кедергі ретінде бәсекелестіктің, қаржы қорының жеткіліксіздігі мен салықтық ынталандыру деңгейінің төмендігі көрсетілген.[1]

Сондықтан қазіргі таңдағы Қазақстан экономикасының басты мақсаттарының бірі ұлттық экономиканың өнімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тиімді жолдарының бірі - ндустриалды – инновациялық экономиканы дамыту.

Инновациялық экономиканың басты ерекшелігі – ғылыми сыйымды, технологиялық өңделу деңгейі жоғары өнімдерді шығаруға икемді өндірістік және инновациялық инфрақұрылымның болуы.[1]

Осы тұрғыда, Корнель университеті, INSEAD бизнес мектебі және интеллектуалды меншіктің әлемдік ұйымы жариялаған 2014 жылғы жаһандық инновациялық индекс (ЖИИ) туралы мәліметті қарастырып өтейік.

2014 жылы ЖИИ рейтингісіне әлемнің барлық аймақтарынан 143 ел кірген және олардың инновациялық мүмкіндіктері мен нәтижелері ескерілетін 81 индикатор бойынша жасалған. 2007 жылдан бастап әр жыл сайын жарияланатын ЖИИ ұйым басшылары, саясаткерлер мен басқа да әлемдегі инновациялық үрдіс туралы хабардар болғысы келетін тұлғалар үшін басты бақылау құралына айналған[2].

2014 жылғы ЖИИ көрсеткішіне сәйкес төрт жыл қатарынан көшті бастап тұрған Швейцария өз орнын сақтап қалған. Одан кейінгі орындарды Біріккен Корольдік, Швеция, Финляндия, Нидерландия, АҚШ, Сингапур, Дания, Люксембург, Гонконг сияқты мемлекеттер иеленеді. Аталған алғашқы он елде күшті инновациялық инфрақұрылымға сәйкестелген, адами капиталға негізделген инвестициялар шеңберіндегі инновациялық экожүйелер жасалған. Сонымен қатар, инновациялық инфрақұрылым, кәсіпкерліктің даму деңгейі мен инновациялық іс – әрекет нәтижелері салаларына басымдық берілген.[2]

Аймақтар және табыс деңгейі бойынша елдерді салыстыру салыстырмалы бәсекелестік мүмкіндіктерін көруге, басқару органдарына тиімділікті арттыру үшін маңызды қорытынды жасап, дұрыс шешім жасауға мүмкіндік береді.

Кесте 1. Аймақтар бойынша инновациялық іс – әрекеттер[2]

Аймақтық рейтинг	2014 ж. ЖИИ бойынша жалпы рейтинг	Мемлекет
Орталық және Оңтүстік Азия		
1	76	Үндістан
2	79	Қазақстан
3	86	Бутан

Кестеде көрсетілгендей Қазақстан аймақ бойынша екінші орында тұрса, жалпы ЖИИ

деңгейінде 79-ші мемлекет екенін көруге болады. Ал табыс деңгейінің көрсеткіші бойынша жасалған инновациялық деңгейде алғашқы үштікке енбеген. Мұнда табыс деңгейінің орташа көрсеткішінен төмендігіне қарамастан, Молдова Республикасы, Монғолия елдері ЖИИ бойынша сәйкесінше 43-ші, 56-ші орындарда тұр.[2] Бұдан шығатын қорытынды, бүкіл әлем елдерінің инновацияның тиімділігін түсініп, оны өндіріске енгізіп, экономикасын жандыруға талпынып жатқанын байқауға болады.

Сол себепті де, ел экономикасындағы инновациялардың туындауының, таралуының және пайдаланудың тиімді тетіктерін белсенді мемлекеттік реттеудің және қолдау жүргізудің инновациялық дамуды ынталандыру үшін қажеттілігі артып отыр.

Осыған сәйкес, ҚР-ның Президентінің Жарлығымен «ҚР-ның үдемелі индустриалды – инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ағымдағы жылдың 1 тамызында бекітілді. Аталған бағдарламада көрсетілгендей экономикалық саясат экономиканың теңдестірілген құрылымын жасауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталатын болса [3], ал экономикалық саясаттың әлемде мойындалған ажырамас бөлігі амортизациялық саясат болып табылады.

Амортизациялық саясат – бұл негізгі капитал қайта жаңартылып отыратын механизм. Жалпы амортизация дегеніміз активтің амортизацияланатын құнын оның пайдалы қызмет мерзімі ішінде ұйым шығыстарына жүйелі түрде бөлу.

Амортизация актив пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептелінеді де, активті мойындау тоқтатылғанда оның есебі де жүргізілмейді.

Соңғы уақытта ұзақ мерзімді активтердің амортизациясын есептеу үшін бухгалтерлік есепке алуда негізгі үш әдіс қолданылады:

1.Түзусызықты немесе біркелкі әдіс. Бұл әдіс бойынша активтің амортизацияланатын құны әрбір кезеңде тең сомаларда шығынға жазылады. Ол мына формула арқылы шешіледі:

Кезең ішіндегі амортизация = Амортизацияланған құн (Бастапқы құн – жойылу құны) / Пайдалы қызмет мерзімі

2.Өндірістік әдіс. Бұл әдіс бойынша амортизация активті пайдалану кезеңінде ғана есептелінеді, яғни амортизация сомасы мен активтің өндірістік қуаты арасында тура байланыс бар. Формуласы төмендегідей:

Амортизация нормасы = Амортизацияланатын құн / Активтің өндірістік қуаты

Кезең ішіндегі амортизация сомасы = Амортизация нормасы × Өңдеп жасау көлемі

3.Жеделдетілген амортизация әдісі (азайып бара жатқан қалдық әдісі). Бұл әдіс іс – қимылдар реттілігін сақтауды талап етеді:

1)Амортизацияның үдетілген нормасын түзусызықты әдіс кезінде қолданылатын норманы екіге тең үдету еселігіне көбейту жолымен есептеу.

2)Кезең ішінде амортизацияны анықтау. Ол мына формула бойынша есептелінеді:

Алдыңғы кезеңнің соңындағы активтің қалдық құны × Амортизация нормасы[4]

Нарықтық экономикадағы амортизациялық саясаттың ерекшеліктеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

- екі жақты тұжырымдаманың болуы (экономикалық және салықтық);
- негізгі капитал құнын шығынға жіберудің түрліше әдістерінің болуы (бірқалыпты, өндірістік, жеделдетілген).[5]

Амортизацияның экономикалық тұжырымдамасы бойынша капитал құнын шығындарға жатқызылуы экономикалық нормаларға негізделіп жүргізіледі. Және берілген жағдайда өндіріс физикалық немесе моральдық шығарылым болып, оның шынайлығымен көрінеді. Бұл өндіріс құралдарын қайта жанартуды нәтижелі басқару үшін қажет болады.

Амортизацияның салықтық тұжырымдамасының мәні негізгі капитал құнын салықтық норма бойынша шығарымға жіберілуінде. Амортизацияның салықтық нормалары салық алымының көлемін есептеу үшін қолданылады.[5]

Амортизациялық саясаттың екінші ерекшелігі болып табылатын амортизациялық сомаларды анықтау әдістерін жоғарыда қарастырып өттік. Ондағы үшінші әдіс - амортизацияны жеделдетіп есептеу әдісінің жүргізілуі қазіргі таңда өзектілігімен

ерекшеленіп отыр.

Салықтық тұжырымдамаға сай жеделдетіп есеп жүргізу әдісі инвестицияларды ынталандыруға бағытталады және негізгі капиталды жаңарту үрдісінде белсенді құрал болып табылады. Сонымен қатар, амортизация жеделдетілген әдісі бойынша ҚР-ның «Салық Кодексінің» 120-бабының 6-тармағында тіркелген активтер бойынша шегерімдер көрсетілген: «ҚР-ның аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша жер қойнауын пайдаланушы пайдаланудың бірінші салықтық кезеңінде осы тіркелген активтерді жылдық жиынтық табыс алу мақсатында кемінде үш жыл пайдаланған жағдайда амортизацияның екі еселенген нормалары бойынша амортизациялық аударымдар есептеуге құқылы.»[6]

Салық Кодексінің 120-бабына сәйкес салық салынатын табысты есептеу мақсатында амортизация мына формула бойынша анықталады:

Амортизация = салық кезеңінің соңына ТҚТ × Амортизация нормасы

Мұндағы ТҚТ – топтың (кіші топтың теңгерімі) құндық теңгерімі

Әрбір кіші топ, топ бойынша амортизациялық аударымдар амортизация нормаларын қолдану жолымен анықталады, бірақ Салық Кодексіне сай белгіленген нормадан жоғары емес.

Кесте 2. Салықтық есепке алу мақсатындағы амортизация нормалары [6]

	Белгіленген активтер атауы	Амортизацияның шекті нормасы (%)
	Мұнай, газ ұңғымаларын және тарату құрылғыларын қоспағанда, ғимараттар, құрылыстар	10
I	Мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдығын, сондай-ақ ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықты қоспағанда, машиналар мен жабдық	25
II	Ақпаратты өңдеуге арналған компьютерлер мен жабдықтар	40
V	Басқа топқа, соның ішінде мұнай, газ ұңғымаларына, тарату құрылғыларына, мұнай-газ өндіру машиналары мен жабдығына қосылмаған белгіленген активтер	15


Жеделдетілген амортизация экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін өндіріске көмек береді. Сондай-ақ, өндірушілер мен басқа да тұлғаларға салықтық төлемдердің жасай отырып, кәсіпкерлік инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Осыған тұрғыда, жеделдетілген амортизация мен салықтық түсімдер байланысының инвестициялық ынталандыруға әсерін қарастырайық. Орыс экономисті Т.А.Агапова инвестицияларды ынталандырудың аймақты механизмін қарастыруда, яғни жеделдетілген амортизация мен салықтық демалыстарды бірдей қолдану кезінде, тиімсіз жағдайлар туындайтынын көрсеткен.[7]

Амортизация мөлшерін көтергенде инвестициялаудың оптималды деңгейі төмендейді және бұл инновациялық бизнес бойынша жобаларды ертерек қаржыландыруға әкеледі. Сонымен бірге, инвестордың болашақ бизнестен күтетін табысы ұлғаяды. Бұл жерде амортизация мөлшерінің ұлғаюын жаңа инновациялық кәсіпорын құруға мүмкін болатын инвестицияны тартуды ынталандырылу ретінде қарастыруға болады.

Амортизация мөлшерінен түсетін келтірілген салықтық түсімдерін күту тәуелділігі күрделі болып табылады. Тәуекелділіктің мұндай түрі инвестициялық жобалардың екі түрімен анықталады. Оны мына график арқылы көруге болады.

1 график.



Мұндағы (1) $\alpha = \alpha(\gamma)$ (2) $\alpha = \alpha(\gamma)$

Бірінші аймағында, амортизация нормасының ұлғаюы келтірілген салықтық түсімдердің төмендеуіне әкеледі. Осыған байланысты бұл аймақта бюджет пен инвестордың мүдделері қарама – қарсы болады.

Егер де бизнес жобасының параметрі үшінші аймаққа түсетін болса, онда амортизация мөлшерінің ұлғаюы келтірілген салық түсімдерінің өсіміне алып келеді. Мұнда бюджет пен инвестор мүддесі келісімді болады. Сондай-ақ, инновациялық бизнестің инвестициялық жобаларды әрқашан мүдделердің келісімді болатын аймағына сәйкес орналасады.

Екінші аумақта келтірілген салықтық түсімдердің сипаттамасы амортизация мөлшерінің көлеміне қатысты болады. Егер де амортизация мөлшері ең жақсы маңызын көтермесе, онда амортизация мөлшерінің ұлғаюы келтірілген салықтық түсімдердің өсіміне алып келеді. Сонымен қатар, егер де амортизация көп болса, онда амортизация мөлшерінің ұлғаюы бюджетке түсетін салықтық түсімдердің төмендеуіне соқтырады.[7]

Жаңа технологияны дамытуда амортизациялық саясаттың жеделдетілген әдісін пайдаланған тиімді әрі дұрыс шешім. Осы тұста мемлекеттің салықтық есептік түрде амортизациялық аударым үшін активтерді топтарға бөле отырып, мөлшерлеме қоятынын жоғарыда айтып өттік. Бұл мөлшерлеме активтердің кейбір түрлеріне амортизациялық аударымдарды жеделдетілген түрде аударуға септігін тигізеді. Алайда, мемлекет инновацияны жасаушы кәсіпорынға амортизациялық аударудың тиімді әдістерін өздеріне қолайлысын таңдап алуына мүмкіндік беруі қажет. Себебі, бұл саясатты жеделдетілген түрде жүргізгенде оларда белгіленген мерзім болады. Осы мерзім ішінде олардың негізгі қорларының жылдық жиынтық түсімі ұлғаяды, негізгі қорлардың жаңартылуы жеделдетіледі, салынатын салық мөлшері азаяды. Нәтижесінде қаржының инфляцияға ұшырауына тосқауыл қойылады.

Қорыта айтқанда, жаһандық деңгейдегі индустриалды – инновациялық негізі мықты экономиканы қалыптастыруда барлық тиімді әдіс - тәсілдерді зерттеп, зерделеу арқылы қолданысқа енгізу қазіргі таңда еліміз үшін қажетті. Ал оны ғылыми негіздеп, өндіріске енгізу осы саладағы кәсіби мамандардың жауапкершілігінде деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Ожаубаева. Инновациялық дамуды ынталандырудағы салықтық құралдардың рөлі // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы.-2014.-№4.-177-181б.
2. Глобальный инновационный индекс 2014 г.: в рейтингах лидируют Швейцария, Соединенное Королевство и Швеция // Интеллектуальная собственность. Промышленная собственность.-2014.-№12.-67-72б.
3. «ҚР-ның үдемелі индустриалды – инновациялық дамуының 2015-2019

жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», 2014 ж. 1 тамыз

4. А.Калденбергер. Негізгі қаражаттың амортизациясын есептеу // Бухгалтер Хабаршысы.-2012.-№1.-2-76.

5. Л.Б.Ізбасарова. Негізгі қорларды тұтынудың қоғамдық қажеттілігін қамтамасыз етудегі амортизациялық әдістердің теориялық аспектілері // ҚазҰУ хабаршысы.Экономика сериясы.-2014.-№4.-95-996.

6. ҚР-ның «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Заңы (Салық кодексі), 2008 ж. 10 желтоқсан

7. Т.А.Агапова, С.Ф.Серегина. Макроэкономика.- М.: Дело и Сервис,2008. – 345б.

УДК 336:947.5

РАЗВИТИЕ КОНТРОЛЛИНГА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Кайдарова-Колжанова Данагуль Рамазановна

dano4ka-777@mail.ru

Магистрантка специальности «Учет и аудит» университета КазУЭФМТ, Астана,
Казахстан

Научный руководитель – Шахарова А.Е

Основная цель контроллинга заключается в предоставлении менеджерам актуальной, ориентированной на результат и ликвидность информации, обеспечивающей улучшение процедур, настроенных на достижение результата общей системы целей предприятия. Главной задачей контроллинга является системно-интегрированная информационная, аналитическая, инструментальная и методическая поддержка руководства для обеспечения долгосрочного существования и развития предприятия

Введение контроллинга в процесс координирования деятельности предприятия дает потенциал:

- предусмотреть возможные экономические проблемы предприятия и своевременно принимать адаптивные меры в условиях многомерной конкуренции;

- предоставить надежную, проанализированную информацию административному персоналу для выполнения решений управления бизнесом в соответствии с поставленными целями;

- исключить наличие «узких мест» в деятельности предприятия;

- способность быстро реагировать на изменения, происходящие во внешней среде: спрос покупателей, изменение цены у конкурентов и т.д.;

- постоянно получать необходимые сведения из бухгалтерии, экономического и финансовых отделов, отдела маркетинга и службы сбыта и оперативно менять аналитическую информацию.

Особенностью казахстанской модели контроллинга является разграничение финансового, управленческого и налогового учетов; в сравнении с американской и немецкой моделями, где отсутствуют четкие различия и урегулирование со стороны государства, в Казахстане со стороны государства мы наблюдаем постоянный контроль, так как в нашей стране преобладает роль государства в управлении развитием экономики через законодательное и нормативное регулирование в основном финансового сектора.

Благоприятным моментом для начала построения системы контроллинга является появление первых слабых сигналов о возможных рисках для перспективного успешного функционирования организации [1,26с]. Контроллинг позволяет установить контроль за достижением как стратегических, так и тактических целей деятельности фирмы. В системе управления он отслеживает движение предприятия к намеченной стратегической цели своего развития. Для этого фиксируются качественные (предотвращение кризисных ситуаций) и количественные (объем и структура оборота, структура и величина расходов, отношение